

## *Бірінші Май*

Жастық дәурен, жыл құсындай  
Келді біздің Бірінші Май.  
Комсомолдар колоннада  
Барады ойнап керней-сырнай.  
Басыңдар нық, туған жерде!  
Құлашыңды еркін серме,  
Көңіл көктем, жүздерің жаз,  
Кім қызықпас дәл сендерге!  
Дүниеде көп жас пен кәрі,  
Тұр сендерге қарап бәрі.  
Жаңғыртыңдар жер-жаһанды,  
Ленин — Сталин ұрпақтары!

\*\*\*

Жастарына бұл жаһанның  
Болдың аңыз, ер атандың  
Көтер даңқын, күнге дейін  
Туып-өскен Ұлы Отанның!  
Келер өмір иелері,  
Тіршіліктің сүйенері —  
Сендерсіңдер, жарқын жастар,  
Сүйсіндірер дүниені.  
Май маршына басыңдар нық!  
Әлемдегі барша халық  
Қыймылыңа, қызығыңа  
Тұрсын қарап, рахаттанып!  
Баста алға, дүние жасын,  
Жас жігерің жарқылдасын,  
Ленин — Сталин ұрпақтары, —  
Інілерім, қарындасым!  
Жастық дәурен, жыл құсындай  
Келді біздің Бірінші Май.  
Ұмтылыңдар ерлік іске  
Коммунизм тұңғышындай!

Лениншіл жас. - 1950. -

1 май (№ 52). - 1 б.